



XҒТАР 04.51.55
Зерттеу мақаласы

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2026-154-1-183-206>

ЖАСТАРДЫҢ ПОЛИЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ ЫҚПАЛЫ

А.Д. Хамит *

Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aidar_khamit@aiu.edu.kz)

Аңдатпа. Мақалада жастардың тілдік ұстанымына экономикалық факторлардың ықпалы талданады. Р. Bourdieu теориясына сүйене отырып, тілдік норма мен формалардың үстемдігі әлеуметтік теңсіздікті күшейтетін фактор ретінде қарастырылады. Әртүрлі тілдерді меңгеру адамның әлеуметтік капиталын арттырып, оның экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтетіні, ал тілдік кедергілер қолжетімділікті шектейтіні негізделеді.

Зерттеуде жастардың полилингвистикалық ұстанымына еңбек нарығының талабы, білім алу мүмкіндігі және табыс деңгейі сияқты экономикалық факторлардың тілдік таңдауындағы рөлі талданған. Зерттеу нәтижелері экономикалық фактордың тілдік таңдау мен тіл саясатын, сондай-ақ қоғамдағы көптілділікті қабылдауға қалай ықпал ететінін түсінуге мүмкіндік береді.

Мақалада фокус топ әдісі арқылы алынған қолданбалы зерттеу нәтижелері ұсынылды. Фокус-топ 12 аймақта өтті (N-167). Зерттеуге сәйкес жастардың тілдік таңдауы аймақтық және этнодемографиялық ерекшеліктерге де байланысты. Әлемдік экономика мен жаһандану үрдістері жастарды бірнеше тіл меңгеруге итермелейді, ал қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтар тілдік ұстанымды өзгертіп, әлеуметтік-тілдік орталарды қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері мемлекет пен білім беру жүйелеріне тиімді тілдік саясатты қалыптастыруда маңызды, сонымен қатар жастардың әлеуметтік жағдайы мен кәсіби мансап жолындағы даму векторларын анықтайды.

Негізгі ұғымдар: тіл, экономика, социоллингвистика, полилингвистика, тіл саясаты, тілдік ахуал, әлеуметтік-тілдік ұстаным, жастар, тіл кеңістігі.

Түсті: 11.03.2026; Жөнделді: 19.03.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Заманауи қоғамның мәдени және экономикалық дамуы көптілділік деңгейімен байланысты. Әлеуметтік-экономикалық процесте, еңбек нарығына қатысушылардың ортақ ісінің нәтижесіне бағытталған қарым-қатынаста белсенді қолданылатын тілдің мәртебесі үлкен рөл атқарады. Қазақстанда, әсіресе жастар арасында, көптілді орталардың дамуы – қоғамдық процестегі өзекті мәселелердің бірі. Жастардың полилингвистикалық ұстанымы – олардың бірнеше тілде еркін сөйлеуге деген қабілеттілігі мен тілдер арасындағы теңдікті түсінудегі көзқарасы, оларды кәсіби және жеке өмірде қолдануға деген қызығушылығы мен қажеттілігін көрсетеді (*Baker, 1992*). Әлеуметтік ұстаным – белгілі бір іс-әрекеттегі жеке тұлғаның нақты позициясы, яғни мақсатты іс-әрекеттерге дайындық жағдайы, ал әлеуметтік-тілдік ұстаным адамның белгілі бір тілге деген көзқарасын, қатынасын, бағалауын білдіреді. Тілдік құбылыстар әлеуметтік нормамен, құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Әлеуметтанулық теориялар осы өзара байланысты талдауда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік норма мен құндылықтар қоғамның дамуын, тәртібін, қарым-қатынасын анықтайды, ал тіл осы үдерістің айқын көрсеткіші ретінде көрінеді. Сондай-ақ әлеуметтік лингвистика мен экономикалық процесс арасындағы қатынасты зерттейтін ғалымдар тілдік жағдайды экономикалық құбылыспен байланыстырады. Яғни, әлеуметтік лингвистика тілдік және әлеуметтік-экономикалық шындық арасындағы байланысты зерттейді, өз кезегінде экономикалық теория тілдік жағдайды экономиканың бір бөлігі ретінде, тілді экономикалық құбылыс ретінде қарастырса, ал тілдік жағдайға нарықтық және тіл саясатына экономикалық элемент ретінде қарайды (*Кадочников, 2016*).

Көптеген зерттеулерге сәйкес жеке адам үшін тілдік дағдының құндылығы тілге қол жеткізуді қамтамасыз ететін нарықтың параметріне байланысты екенін көрсетеді (*Кадочников, 2016*). Егер тіл экономикалық және саяси жүйеде қолданылмаса, оны меңгерудің маңызы төмендейді, бұл өз кезегінде бір тілден екіншіге өту процесіне алып келеді (*Fishman, 1991*). *W. Fierman (2009)* пікірінше, «тілді жаңғырту» тек мемлекеттік саясат пен экономикалық факторға тәуелді емес, ол халықтың өз тілін сақтап қалуға деген ұмтылысынан да туындайды.

Маркстік және веберлік дәстүрлерге сәйкес тілдік процестер – әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастың негізгі түрлердің бірі. Тілдік ұстанымға ықпал еткен теориялар қоғамдағы тілдің рөлі, оның қолданылуы, әлеуметтік теңсіздік пен экономикалық жағдайға байланысты қалыптасатын тілдік саясат пен тілдік нормаларды зерттейді. Бұл теориялар тілдің әлеуметтік және экономикалық аспектісін терең түсінуге мүмкіндік береді. Маркстік теория қоғамның экономикалық детерминизм мен әлеуметтік құрылымының тілге тікелей ықпал ететінін айтады. Оған сәйкес, тіл арқылы қоғамда үстемдік етіп тұрған таптың мүддесін көрсетеді. Жоғарғы таптың тілдік формасы қоғамда кеңінен таралады, ал төменгі таптың тілдік формасы маргиналданады. Сондай-ақ, тіл билеуші таптың идеологиясын тарату құралы ретінде қызмет етеді. Сондықтан экономикалық жағдай өзгергенде, тілдік ұстаным да өзгеруі мүмкін. Мысалы, кеңестік кезеңде орыс тілі аясы кеңейтіліп, ұлттық тілдер екінші деңгейге қойылды, бұл

орыстандыру (русификация) арқылы ұлттық азшылықты мәдени ассимиляциялауға бағытталған еді (Хилханова, 2022).

Тілмен экономиканың арасындағы байланысты зерттеген ғалымдардың барлығының ортақ пайымдары мынаған келіп саяды: тіл - өз әлеуеті, энергиясы, инерциясы арқылы ұлттың рухын көтере алатын, көзге көрінбейтін қуатты құралдардың бірі. Егер экономикалық процестер ұлттық тілде жасалса, елдің ішкі жағдайы жақсарады, экономикасы ілгерілейді, экономика ұлттық тілдің де аясын кеңейтеді, оның тұғырын нығайтады (Баймырза және басқалар, 2023).

Қазіргі кезде жастардың полилингвистикалық ұстанымына экономикалық фактордың ықпалы едәуір маңызды. Экономиканың жаһандануы әр түрлі елдер арасында кәсіп жүргізуді, білім алуды және мәдени алмасуды жеңілдетті. Бұл жастардың бірнеше тілді меңгеруін ынталандырады, себебі тіл білу - тек мәдени баюға емес, сонымен қатар еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Тілді меңгеру – адамның әлеуметтік капиталын арттыратын негізгі факторлардың бірі. Әртүрлі тілдерді білу адамдардың мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал тілдік кедергілер олардың әлеуметтік және экономикалық ресурстарға қолжетімділігін шектейді. Тілдік құндылықтар тұрғысынан тіл қоғамдағы маңызды қарым-қатынас құралы ғана емес, ол экономикалық және әлеуметтік мәртебені анықтайтын көрсеткіш (Breton, 1998). Мысалы, белгілі бір қоғамда жоғары табыс табатын және беделді адамдар қолданатын тілдер немесе диалектілер маңызды әлеуметтік капиталға айналады. P. Bourdieu (1991) тілдік ұстанымды қоғамдағы мәдени және символдық капиталдың бөлігі ретінде қарастырды. Ол тілді мәдени капиталдың бір формасы және әлеуметтік теңсіздікті күшейтетін құрал ретінде түсіндіреді. Мысалы, қоғамда үстемдік ететін тілдік нормалар мен формалар белгілі бір топтар үшін артықшылық береді. Ал бұл нормаларға сәйкес келмейтін тілдік топтар маргинализацияға ұшырауы мүмкін. Сондай-ақ P. Bourdieu пікірінше, нарықта әртүрлі тілдік формалар әлеуметтік құндылыққа ие болып, бұл құндылықтар билік пен экономикалық қатынастармен тығыз байланысты.

Ақпараттық қоғам заманында әлемдік нарыққа интеграциялану үшін ағылшын тілінің маңызы артты. Соңғы онжылдықта Қазақстанда ағылшын тілі әлеуетінің артуы байқалды. Ұлттық санақ (2009, 2021) мәліметіне сәйкес халықтың ағылшын тілін базалық меңгеру, яғни түсіну деңгейі 20% ұлғайды. Жоғары білім беру жүйесінің интернационализациясы мен еңбек нарығындағы көптілді талаптар жастарды кәсіби маман ретінде қалыптастырады. Сонымен қатар, экономикалық жағдай мен жұмысқа орналасу мүмкіндігі жастардың тілдік саясатты таңдауында, тілдерді үйренуге және қолдануға деген көзқарасында маңызды рөл атқарады. Мысалы, халықаралық компаниялар мен ұйымдар жұмысқа қабылдағанда көптілді білімді талап етеді, өз кезегінде бұл үрдіс жастарды бірнеше тілді білуге ынталандырады.

Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілі өзіне тиісті орын алып отыр (ҚР Тілдерді дамытудың бағдарламасы, 2019, 2024). Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қоғамдық процестерде толыққанды қолданылуы бәсекелестік деңгейінде қалыптасу үстінде. Мемлекеттік тілмен қатар экономикалық, кәсіби, әлеуметтік және мәдени-ақпараттық салаларда тарихи тұрғыда орыс тілі де кеңінен орныққан және халықаралық қарым-қатынас деңгейінде қолданылады. Қоғамда қалыптасқан тілдік жағдайда заң шығару,

әлеуметтік нормалар мен процестер басымдығы орыс тілі арқылы реттеледі. Заң шығару-сот процестері де, елімізде құқық қорғау саласы да орыс тілінің айқын басымдығымен жүргізіледі. Тіпті 30-жылда дайындалған қазақтілді мамандарды орыс тіліне қайта бейімдеуге мәжбүр етеді. Мысалы, заң-сот саладағы құжат айналымы мен іс-қағаздар жүргізу бойынша зерттеулерде байқауға болады (Тукебаева, 2023). Бұл - мемлекет құраушы ұлттың тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне 30 жылдан астам уақыт өтсе де көптеген салада негізгі немесе кәсіби тілге толық айналып үлгермегенінің айғағы. Экономикалық қарым-қатынастар, заң-сот, денсаулық сақтау-медицина, кәсіби және бизнес салалар толығымен мемлекеттік тілде заң жүзінде бекітілсе де, мемлекеттік тілге қатысты қабылданған заң нормалары толық сақталмайды. Қоғамдық қарым-қатынаста еліміздің кейбір аймақтарында, әсіресе солтүстік-орталық және ірі қалаларда басымдық орыс тілінде, ал кейбір жағдайда мемлекеттік тіл тек декларативті сипатта сақталып отыр. Осыған орай, зерттеуші Г.Н.Смағұлова (2021) елдегі тіл саясатын талдай отырып, қазіргі қоғам өмірінің адамдар арасындағы қарым-қатынас процесіндегі мемлекеттік тілдің қолдану ерекшелігіне жүйелі де принциптік түрде қолдау көрсетілмесе, қоғамның даму ерекшелігіне сәйкес қазақ тілінің ары қарай дамуы күмәнді екенін білдірді. Ол қазіргі жағдайда халықпен тікелей араласатын алдымен мемлекеттік және жергілікті атқарушы ұйымдардың жұмысына назар аударды.

Қоғамның өтпелі кезеңінде жастар алдында әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім саласындағы және жалпы қоғамдағы өзгеріске, реформаларға байланысты маңызды міндеттер қойылады. Әсіресе жастардың әлеуметтенуі, олардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік лифтілердің қалыптасу контексіне байланысты елдегі соңғы онжылдықта «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел», «Үштілділік» саясаты, қазақ әліппесінің латын қарпіне ауыстыру сияқты тіл саясаты саласындағы бағдарламалар мен реформалар жалпы ел дамуын анықтады. Бұл өзгерістер қазіргі жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымына қалай ықпал етеді, оның ішінде экономикалық фактордың орны қандай, жалпы тіл саясатының өзгеруі мемлекеттік тілдің дамуында қандай кедергілер бар екенін байқатады деген маңызды сұрақтарды тудырады.

Осыған байланысты, жастардың полилингвистикалық ұстанымын зерттеу экономикалық фактордың тілдік таңдауға, тіл саясатын және қоғамдағы көптілділікті қабылдауға қалай ықпал ететінін түсінуде өзекті. Зерттеу нәтижелері мемлекет пен білім беру жүйесі үшін тиімді тілдік саясатты қалыптастыруға, әлеуметтік жағдайдың және кәсіби мансап жолында жастардың дамуына ықпал етеді. Тақырыптың өзектілігі жастардың көптілділікке деген көзқарасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді және қоғамдық дамудың түйткілдерін болжау және оның алдын-алу мүмкіндігіне жол ашады.

Қазіргі заманғы халықаралық және шетелдік зерттеулерде тілдерді зерттеу дискурсында көптілділік транслингвизм концепциясы тұрғысынан қарастырылады. García және Otheguy (2020) бойынша жастар көптілді ортада тілдерді қатаң бөлмей, біртұтас жүйеге икемделу жағдайы ретінде қолданады. Li Wei (2022) транслингвизмді тек тілдік қатынас ғана емес, жастардың жаңа бірегейлік қалыптасу құралы деп негіздейді. Посткеңестік аймақта мемлекеттік тілдің басымдыққа ұмтылуы мен орыс тілі арасында бәсекелестік жағдайында жастардың тілдік ұстанымы эмоционалдық бірегейлік пен экономикалық қажеттілік арасында тепе-теңдікті сақтау арқылы жүзеге

асады (Pavlenko, 2008, 2023). Zabrodskaia және Birman (2024) Эстония мен Украина мысалында посткеңестік елдердегі тілдік ортаның күрделілігі жастардың тілдік ұстанымдарына прагматикалық әсер ертеді және тілдік саясаттың «жоғарыдан төмен» бағытталуы жастардың «төменнен жоғары» прагматикалық таңдауына әрқашан сәйкес келе бермейтінін дәлелдейді. Жастардың тілдік ұстанымдарын зерттеген шетелдік ғалымдардың ішінде Smakman және Heinrich (2022) жаһандық ағылшын тілінің жергілікті тілдік ұстанымдарға ықпалын сипаттап, бүгінгі ағылшын тілі жастар үшін тек құрал ғана емес, заманауилық пен жаһандық азамат символы деп келтіреді.

Қазақстанда көптілділік әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтану, социолінгвистика, педагогика, әлеуметтік психология бағыттарында саясат, жаһандану, бірегейлік контекстінде зерттелуде. Тілдік капитал және экономикалық прагматизм бағытында зерттеуші К. Көптлеуова (2021) тіл игеруді нарықтық сұраныс пен кәсіби бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан қарастырды. Ал С. Жалмағамбетова (2022) мемлекеттік стратегия ретінде көптілділіктің әлеуметтік институттық рөлін сараптайды, яғни осы авторлардың пайымы бойынша тіл жастар үшін экономикалық капитал (ресурс) қызметін атқарады. Тіл саясаты және институционалдық бағалау бойынша Э. Д. Сүлейменова мен Д. Ақанова (2023) білім беру жүйесіндегі тілдік доминанттар мен ресми саясаттың жастардың тілдік ортасына әсерін сипаттаса, әлеуметтанушылар Р.Италмасова мен Н.Сагидолда (2025) 2018–2023 жылдар арасында жүргізілген лонгитюдтік зерттеу нәтижесінде қазақстандық қоғамдағы тілдік ахуалды талдай отырып, әлеуметтік-саяси үрдісте тиімді тіл саясатын қалыптастыруда көптілділіктің ролін көрсетті. Сонымен қатар отандық ғалымдар көптілділік құбылысын тілдік сана (Даулеткельдыева, 2023) және бастапқы тілдік әлеуметтену және әлеуметтік бірегейлік (Akhmet, Akimbekova, Aliaskar, 2023), яғни жастардың тілге деген көзқарасы мен ұстанымдарын қарастырды. Қазіргі заманғы технологиялардың әсері туралы А. Д. Серикбаева мен К. Душаева (2024) цифрландыру жағдайында тілдердің өзара қарым-қатынасы, виртуалдық кеңістіктегі тілдік кодтардың араласу құбылысын түсіндіреді. Көптілділік әлеуметтік құндылық ретінде қазақстандық қоғамдық ғылымдарда, соның ішінде әлеуметтануда да жан-жақты зерттелген. Дегенмен, қазақстандық әлеуметтануда әлеуметтік-тілдік ұстанымға экономикалық фактордың ықпалын, оның динамикасын зерделеу аса маңызды.

Зерттеу әдіснамасы

Жалпы зерттеудің мақсаты – қазақстандық жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымына ықпал ететін экономикалық факторларды анықтау және талдау. Әлеуметтік-тілдік процеске экономикалық қарым-қатынастың ықпалын анықтау үшін қазіргі жастардың әлеуметтік-тілдік ортасын, оған аймақтық ерекшелігі, ол жердегі тұрғындардың полилінгвистикалық ұстанымы, отбасы, достары, еңбек және кәсіби қарым-қатынастар, яғни алғашқы ықпал ететін акторлардың немесе әлеуметтену процесінде алғашқы және жанама түрде ықпал ететін агенттердің тілдік ортасы сараланады, сондай-ақ жастардың болашақта қай тілді үйренгісі келеді, өз балаларын қай тілде оқытқысы келеді, ақпаратты қай тілде қабылдайды, яғни тіл игеруге қандай факторлар ықпал ететіні талдануы тиіс.

Негізгі болжам: Еңбек нарығының талаптары жастардың тілдік таңдауына ықпал етеді. Жастардың тілдік ұстанымы прагматикалық, әсіресе көптілділікке деген көзқарасы, жұмысқа орналасу мүмкіндігі мен еңбек нарығындағы талабымен

байланысты. Экономикалық жағынан жоғары табыс табу үшін жастар халықаралық тілдерді үйренуге немесе кәсіби тілдерді меңгеруге қызығушылық танытуы мүмкін.

Негізгі болжамға қатысты бірнеше қосалқы болжамдар келтірілді, олар экономикалық фактордың жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымына ықпалын жан-жақты түсінуге көмектеседі. Қосалқы болжамдар:

1. Табыс деңгейі мен әлеуметтік мәртебе тіл таңдауға ықпал етеді. Жоғары табыс табатын әлеуметтік топтар мен кәсіби салаларда жұмыс істейтін жастар көбінесе көптілділікке жоғары мән береді. Тіл меңгеру деңгейі мен кәсіби дамуға байланысты экономикалық табыс арасында байланыс болады.

2. Қоғамдағы экономикалық теңсіздік жастардың тілдік таңдауына ықпал етуі мүмкін. Әлеуметтік және экономикалық жағдайы төмен топтың тілі монотілді, көбінесе өз ана тілінің шеңберінде дамиды, ал жоғары табысты топтар халықаралық және көптілді білім алуға мүмкіндігі жоғары.

3. Жаһандану мен халықаралық байланыстардың күшеюі жастарды бірнеше тілдерді меңгеруге мәжбүр етеді. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болу үшін жастар ағылшын, орыс және басқа тілдерде сөйлей білуге ұмтылады.

4. Қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылық тілдік ұстанымдағы айырмашылықтарға әкелуі мүмкін. Қалалық және ауылдық жерлерде тұратын жастардың тілдік ұстанымы әртүрлі. Қалалық жерде жұмыс орындары мен білім беру мүмкіндігі жоғары болғандықтан, жастар көптілді болуға тырысады, ал ауылдық жерде жастар өз ана тілін сақтауға ұмтылады.

Осы қосалқы болжамдар экономикалық фактордың жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымына қалай ықпал ететінін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі жастардың тілдік дағдысы, тілдік болашағы мен мүмкіндігі, білім деңгейі, кәсіби, құндылықтары, мәртебесі, жалақы мен табыс мөлшері, медиа және коммуникациялық құралдардан ақпарат тұтыну мүмкіндігі олардың полилингвистикалық ұстанымына экономикалық фактордың ықпалын анықтауға көмектеседі.

Автор зерттеу болжамдарының дұрыстығын тексеру үшін фокус-топ әдісі арқылы алынған алғашқы әлеуметтанулық мәліметтерді ұсынады. Зерттеуге қатысушылар - мақсатты іріктеу және «қар үйіндісі» әдістері арқылы іріктелген жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері мен жас мамандар. Іріктеу критерийлері: 18–30 жас аралығы, жынысы, білімі (жоғары және арнайы-орта), тілдік деңгейі. Республика бойынша жастардың шоғырлануы және аймақтық ерекшелікке сәйкес Қазақстанның Батыс, Оңтүстік, Орталық, Солтүстік аймақтары, ірі қалалар мен облыс орталықтары алынды. Эмпирикалық деректерді жинау барысында еліміздің 12 қаласында (Астана, Алматы, Көкшетау, Ақтөбе, Атырау, Орал, Тараз, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Түркістан) барлығы 12 фокус-топ өткізілді. Фокус-топ әдісі өткізу ережесі негізінде қатысушылардың әлеуметтік-тілдік ортасы мен тілдік, аймақтық, этнопсихологиялық ерекшеліктеріне байланысты әр аймақта/қалада орташа есеппен 13–14 азамат тартылды (1-кесте). Жалпы зерттеуге 167 жас адам қатысты. Әлеуметтік-демографиялық ерекшелік бойынша іріктеу гендерлік көрсеткіштерге сәйкес 53,3 % (89) әйел, 46,7 % (78) ер адамдар қатысты. Фокус-топқа 105 қазақтілді және 62 орыстілді жас қатысты, бұл зерттеудің репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.

1-кесте. Аймақ бойынша фокус-топқа қатысушылардың саны

№	Аймақ	Қатысушылар саны
1	Астана қаласы	14
2	Алматы қаласы	20
3	Ақмола обл	11
4	Ақтөбе обл	15
5	Алматы обл	20
6	Атырау обл	15
7	Жамбыл обл	22
8	Батыс-Қазақстан обл	15
9	Қарағанды обл	15
10	Қостанай обл	16
11	Қызылорда обл	14
12	Түркістан обл	11
	Жалпы	167

Қатысушылардың әлеуметтік мәртебесі және зерттеу параметрі бойынша респонденттер санаты: орта, арнаулы орта білімі бар жастар, ЖОО/университет студенттері, мемлекеттік және бюджеттік мекемелердің қызметкерлері, жұмысшы және жұмыссыз жастар, сол аймақта (облыс/қалада) туып-өскен және қазіргі кезде тұратын азаматтар.

Фокус-топ кезінде қойылған сұрақтар 5 мағыналық блоктан тұрады: қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы, тілдік қолданыс аясы (микро-, мезо- деңгейде) және қарым-қатынас ортасы, тілдік ұстанымдар мен экономикалық прагматизм (тілді капитал ретінде көру және болашаққа жоспарларын талдау), тіл саясаты және реформаларды бағалау, болжамдар мен шиеленіс әлеуетін анықтау (2-кесте).

Зерттеу гайды жартылай құрылымданған сұрақтардан тұрады. Сұрақтардың жүйесі респонденттің жеке тәжірибесінен (микро-деңгей) жалпы мемлекеттік саясатқа (макро-деңгей) өту принципі бойынша құрылды. Бұл тәсіл респонденттердің тілдік ұстанымдарының тек декларативті емес, шынайы әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашуға мүмкіндік берді.

2-кесте. Фокус-топта қойылған сұрақтар құралнамасы (гайд)

№	Сұрақтар блогы	Сұрақтар мазмұны
1.	Әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы	- Жасы, жынысы, туып-өскен жері (аймақтық ерекшелік). - Білімі, қазіргі қызметі (студент/жас маман). - Әлеуметтік шығу тегі (ата-анасының кәсібі).
2.	Тілдік қолданыс аясы (микро, мезо деңгейде) және қарым-қатынас ортасы	- Отбасы, туыстар және жақын достар арасындағы тіл таңдауы. - Қоғамдық орындардағы (көлік, дүкен) тілдік мінез-құлық. - Елді мекендегі басым тілдік ортаны бағалау

3.	Тілдік ұстанымдар мен экономикалық прагматизм (Тілді капитал ретінде көру және болашаққа жоспарларын талдау)	-Жаңа тілдерді үйрену мотивациясы (Неліктен? Бұл не береді?). - Балаларының болашақ білім алу тіліне қатысты көзқарасы. - Ақпарат тұтыну тілі (YouTube, әлеуметтік желілер, блогерлер).
4.	Тіл саясаты және реформаларды бағалау	- Қазіргі тілдік жағдайға баға беру және әсер етуші факторлар. - Латын графикасына көшу және үштілділік реформасына көзқарас. - Білім беру жүйесі мен іс-қағаздарындағы тіл мәселелері.
5.	Болжамдар мен шиеленіс әлеуеті	- Тілдік негіздегі жанжалдардың туындау мүмкіндігін бағалау. - Алдағы 10 жылға арналған тілдік болжамдар. - Жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар («Не істеу керек?»).

Фокус топ әдісі онлайн ZOOM платформасы арқылы жүзеге асырылды. Әр аймақтағы жастар ресурстық орталықтар, жастар ұйымдары мен мекемелерге арнайы ресми хат және бейресми байланыс орната отырып, онлайн ZOOM платформасының алдын ала сілтемесі жіберілді. Облыстық және қалалық Жастар ресурстық орталықтары ұйымдастыруы арқылы зерттеу және іріктеу талабына сәйкес сол аймақтың жастары мақсатты іріктеу және «қар үйіндісі» әдістері арқылы тартылды. Кейбір аймақта жергілікті ЖОО-ның қызметкерлері мен ұстаздары ұйымдастыруға атсалысты. Фокус-топ орташа өткізілу уақыты – 1,5–2 сағат шамасында өтті. Онлайн форматта өткізуде алдын ала дайындалған сұрақтар слайд-презентация түрінде көрсетілді. Бұл фокус-топ барысында қатысушылардың жалпы мәселені талқылауда оның негізгі фокустан ауытқымауға көмектесті. Фокус-топ басында онлайн кездесудің бейне және аудио таспаға жазылатыны және айтылатын ақпараттың кепілдігі сақталатыны, алынған мәліметтер тек ғылыми мақсатында қолданылатыны туралы ескертіліп, қатысушылардан рұқсат алынды. Зерттеу нәтижелері MAXQDA бағдарламасы арқылы өңделіп, сандық және сапалық көрсеткіштер, топтастыру, кодтау, салыстыру талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау

Жастардың әлеуметтік-тілдік ортасын анықтауда зерттеуге қатысқан өңірлерді үш негізгі экономикалық аймаққа бөліп қарастыруға болады. Зерттеуге сәйкес еліміздің Оңтүстігі мен Батысының тұрғындары күнделікті өмірде отбасы мүшелерімен, туған-туысқандармен, достармен, сонымен қатар еңбек және кәсіби қарым-қатынастарда қазақ тілін қолданады. Бұл аймақтарда негізі қарым-қатынас тілі – қазақ тілі. Қазақтардың үлесі демографиялық құрылымда басымдығы айқын өңірлерде қазақ тілі барлық тұрғындар үшін ортақ тіл ретінде таралған. Демографиялық тұрғыда қазақ ұлтының жалпы халық санының үлесі басым екінші топты құрайтын аймақтардың ерекшелігі – қостілдік немесе көптілділік. Бұл аймақтардың жастарына тілдік диглоссия және «код ауыстыру» құбылысы тән. Үшінші топқа еліміздегі этникалық-демографиялық картасында қазақ ұлтының үлесі өзге этностарға қарағанда тең немесе аз аймақтар жатады, сәйкесінше бұл аймақтарда жастар қазақ тілінен гөрі орыс тілін күнделікті өмірде жиі қолданады (3-кесте).

3-кесте. Жастардың әлеуметтік-тілдік ортасына байланысты аймаққа топтастыру

1 топ (жасыл)	2 топ (көк)	3 топ (көкшіл)
демографиялық басымдығы қазақ этносының үлесі айқын аймақтар және қазақ тілі басым таралған аймақтар, оған Қызылорда, Атырау, Жамбыл, Түркістан облыстары	демографиялық тұрғыда қазақ этносының жалпы халық санының үлесі басым аймақтар болғанымен тілдік алуандылық аралас немесе қостілді деп бағалауға болады: Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және Астана, Алматы мен басқа қалалар	еліміздегі этникалық демографиялық картасында қазақ ұлтының үлесі өзге этностарға қарағанда тең немесе аз аймақтар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары

Сондай-ақ, зерттеу нәтижесіне сәйкес этнолингвистикалық әлеуметтік-тілдік картасы еліміздің этнодемографиялық жағдаймен сәйкес келеді.



Сурет 1. Зерттеу нәтижесі бойынша қатысушылардың туып-өскен және тұрғылықты жерлердегі тілдің пайдалану картасы. (Бұл жерде жасыл түсте көпшілігі қазақ тілінде сөйлейді. Көк түсте көпшілігі қос тілді пайдаланады және көкшіл түсте көпшілігі орыс тілін пайдаланады.)

Ескерту: Зерттеу нәтижелері негізінде автор жасақтаған

P. Bourdieu (2007) кеңістік теориясына сәйкес тілдік даму ареалы әлеуметтік кеңістік теориясын талдау және оның қалалық процестермен, әлеуметтік капиталмен және тіл саясатымен байланысы әлеуметтік иерархия мен мәдени шекараның қалай қалыптасып, сақталатынын жақсы түсінуге көмектеседі. Бұл түсінік жаһандану жағдайында ерекше маңызға ие, мұнда мәдениеттердің араласуы мен көптілділік қазіргі қоғамның ажырамас

бөлігі екені айқындалады (Цыганков, 1998; Маулян, 2012). Демек жастардың макро деңгейде тілдік ортасының ықпалы маңыздылығын көреміз.

Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе облыстары қатысушылардың пікірлері бойынша қалыптасқан тілдік ортасы – гомогенді қазақтілді және бұл ортаның жаһандану, миграция сияқты басқа да әлеуметтік-экономикалық өзгеріске қарамастан, ұлттық болмысты сақтап, толыққанды коммуникативті доминанттыққа ие.

Фокус топта айтылған пікірлерден: *«Біздің отбасымызда тек қана қазақ тілінде сөйлейді. Туысқандарымыздың да арасында барлығымыз қазақша сөйлесеміз. Күнделікті өмірдегі сөйлесетін адамдардың 10% ғана орыс тілінде, ал қалған 90% қазақ тілінде сөйлесемін» (Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, 23 жас).*

«Негізі мен Қызылорда облысында туылғандықтан, яғни статистикаға қарайтын болсақ, осы Қызылорда облысында 95% қазақ тілінде сөйлейді. Ал орыс тілінде сөйлейтін адамдарды жиі кездестіре бермейміз. Сондықтан, мен күнделікті өмірде отбасыммен, достарыммен және жұмыста да тек қана қазақша сөйлеймін. Атап өтер болсақ, мысалы қоғамдық орындарда немесе автобустарда болсын барлығы дерлік қазақша сөйлейді. Орысша сөйлейтін адамдарды біз сирек кездестіреміз. Сондықтан, мен орыс тілінде сөйлейтін орта жоқ деп айта аламын» (Астана-Қызылорда, студент).

«Бізде негізі Түркістанда көбісі қазақша сөйлеседі ғой. Кентау қаласында да қазақша сөйлеседі. Қазақ тілі бізде дамып кеткен ғой» (Түркістан облысы).

P.Bourdieu -дегі «габитус» ұғымына сәйкес, бұл аймақтарда қазақ тілінде сөйлеу - қалыпты әлеуметтік жағдай. Жастардың қазақ тілінде сөйлеуі тек мемлекеттік мәртебесіне ие тіл ғана емес, күнделікті өмірдің «табиғи заңдылығына» айналған тіл. Орыс тілі кеңістігінің мүлдем болмауы, оның аясының тарлығы немесе сирек кездесуі солтүстік өңірлерге қарағанда, ерекше тенденцияны көрсетеді.

Зерттеу барысында жиналған пікірлер Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы тілдік жағдайдың біркелкі емес және тіл таңдаудағы прагматикалық фактордың басымдығын көрсетті. Орыс тілі көпұлтты ортада негізгі қарым-қатынас құралы рөлін сақтаған. Мысалы, Жамбыл облысынан қатысқан респонденттің пікірі аймақтағы полиэтникалық ортаның тілдік ерекшелігін айқындайды: *«... әркім өз ұлтымен өз тілінде сөйлейді... білмегендері көбіне орыс тілінде тіл табысады»*. Әр этникалық топ ана тілін сақтағанымен, басқа топтармен қарым-қатынаста қолданатын орыс тілі «лингва франка» рөлін атқарады. Бұл туралы Б. Хасанұлы (1992) оңтүстік өңірлерде көптілділік тарихи түрде қалыптасқанымен, функционалдық интеграция құралы ретінде қазақ тілімен қатар орыс тілі толықтырып отыр деп сипаттаған.

Солтүстік аймақтарда тілдік доминантылық және біркелкілікті көрсетті. Бұл Көкшетау мен Қостанай қалаларында алынған пікірлерде айқын көрінді:

«Екі тілді қатар қолданамын. Көп жағдайда орыс тілінде сөйлесемін» (Көкшетау қаласы, қызметкер).

«... барлығымен орыс тілінде қарым-қатынас жасаймын» (Қостанай қаласы, 20 жас, қызметкер).

Бұл пікірлер P.Bourdieu-нің «тілдік нарық» теориясы тұрғысынан талдауға болады. Олар үшін орыс тілі – коммуникативтік қолайлылықты қамтамасыз ететін негізгі ресурс. Жастардың орыс тілінде барлығымен сөйлесуі - саяси таңдау емес, мезо деңгейдегі әлеуметтік ортаға бейімделу процесі. Suleimenova мен Akanova (2023) бойынша білім беру

және қызмет көрсету саласы орыс тілінің доминанттылығы жастардың тілдік кеңістігін шектеп, монотілділікке мәжбүрлейді. Эстониялық тәжірибеге сүйенген Zabrodska ja және Birman (2024) тұжырымына сәйкес, жастардың тілдік бейімделу кезеңінде қостілділік нышаны ретінде және оқшауланған бір тілді ортаның ассимиляциялық қысымына тап болады.

Қазақстандағы тілдік жағдайдың динамикасы тәуелсіздіктің алғашқы онжылдықтағы жаппай көші-қон кезеңінде қазақ-орыс қостілділігі ең төмен дәрежеде дамыды, өйткені қазақтың абсолютті көпшілігі орыс тілін білсе, орыстілділердің қазақ тілін білу деңгейі өте төмен деңгейде қалды. Қазақстан аумағында мекен еткен өзге этностардың өзінің тарихи отандарына көшу сияқты репатриация процесі елдегі тіл жағдайының өзгеруіне ықпал етті. Орыс тілі Қазақстанның славян қауымы үшін ғана емес, сонымен бірге елде тұратын көптеген диаспора өкілдері үшін де негізгі коммуникация құралы болып қала берді. Демек, қазақ қоғамының көптілді болуымен бірге қазақ қоғамы өмірінің барлық дерлік салаларында этносаралық қатынасты жүзеге асыруда орыс тілінің маңызы зор болды (Симтиков, 2023).

Бүгінгі күні қазақтардың үлесі Ақмола облысында - 55%, Солтүстік Қазақстан – 37,2%, Қостанай облысында - 44,2% құрайды (Мемлекеттік статистика агенттігі, 2025). Бұл өңірлердегі жастардың тілдік ортасы қалалық, қоғамдық жерлерде макро деңгейде қостілді немесе басымдығымен орыс тілінің коммуникативті рөлі жоғары болса да, ауыл-аймақ, елді-мекендерде көпшілік этникалық қазақ ауылдарда тілдік орта - қазақтілді. Мұнда қазақтілді ауылдар (мысалы, Амангелді, Абылайхан ауылдары) тілдік анклав ретінде қазақ тілін сақтап отыр. Оған дәлел - фокус топта айтылған пікірлер: «Біз отбасында қазақ тілінде сөйлесеміз. Ал сыртта, шыны керек топтастарыммен орыс тілінде сөйлесемін. Ал қоғамдық орындарда диалог қалай басталады, сол тілде сөйлесемін. Жалпы, екі тілді бірге алып жүремін» (Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қарашілік ауылы, 20 жас).

«Көбінесе қазақ тілінде сөйлесеміз. Қазақша түсінбейтін адамдармен орыс тілінде сөйлесемін. Саумалкөл ауылында көбінесе орыс тілінде сөйлейді» (Солтүстік Қазақстан облысы, Егіндіағаш ауылы - Саумалкөл, 19 жас).

«Абылайхан ауылында қазақ тілінде сөйлейді» (Ақмола облысы Бурабай ауданы Абылайхан ауылы, 20 жас).

«Бізде Амангелді ауданында көбіне қазақша сөйлесеміз. Бірақ басқа да ұлт бар, өз тілінде сөйлесетін» (Қостанай облысы, 23 жас).

Фокус топ нәтижелерін талдай отырып, жастарға тән классикалық диглоссия құбылысын байқауға болады. У.Вайнрихтың (2010) тілдік қарым-қатынастеориясындағы тілді таңдау коммуникация орнына байланысты ауысып отырады. Қарым-қатынас қай тілде басталады, сол тілде жалғасады, яғни жастардың тілдік ұстанымы – адаптивті және прагматикалық мінез-құлықтың дәлелі. Солтүстіктегі тілдік жағдайды талдауда Э. Сэпир мен Б. Уорфтың лингвистикалық детерминизмді тұрғысынан сипаттауға болады. Қалыптасқан ахуал тілдің микро деңгейде сақталуы, яғни көлемі шағын дәстүрлі кәсіби ортада немесе аясы тар тұрмыстық деңгейде ғана сақталу мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Зерттеуге қатысқандардың ішінде қазақ мектебінде оқыған Астана, Алматы қалаларында білім алып жатырған Оңтүстік, Батыс, Шығыс және басқа өңірлердің тумалары күнделікті өмірде отбасымен, туыстары және достарымен арасында қазақ

тілін қолданады. Олардың тілдік ұстанымы қазақ тілінде қалыптасқан және олар орыстілді өңірден келген азаматтардың тілдік ұстанымына да ықпал ететіні сөзсіз.

Фокус топта айтылған пікір: «*Мен жалпы қазақ және орыс тілдерінде де сөйлесіп, жауап бере беремін. Себебі, менің екінші тарапымдағы адам қай тілде диалогты бастаса, мен ары қарай сол тілде сөйлеуді бастаймын. Отбасында қазақ тілінде сөйлесеміз» (Астана қаласы, студент, туып-өскен жері Түркістан облысы).*

Этнолингвистикалық теорияға сәйкес, тіл – тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен қоғамның бір бөлігін құрайтын құбылыс. Э. Сэпир мен Б. Уорф гипотезасы тілдің адамның ойлау жүйесіне және әлемді қабылдауына қалай әсер ететінін түсіндіреді. Тілдің құрылымы адам дүниетанымын қалыптастырады, яғни бірнеше тілде сөйлейтін адам әлемді әртүрлі көреді. Әрбір тіл белгілі бір мәдени кодтарды тасымалдайды, бұл кодтар арқылы қоғам өзіндік ерекшелігін сақтап қалады (*Whorf, 1956; Sapir, 1961*).

Қазақстан жастарының қазіргі тілдік жағдайы «тілдік асимметрия» құбылысының сақталып отырғанын анықтады. Оңтүстік және Батыс аймақтарда қазақ тілі абсолютті доминанттыққа ие болса, Солтүстік пен Орталықта жастар «жағдайға байланысты» қостілділік стратегиясын ұстанады. Бұл мемлекеттік тілді дамыту саясатында, жалпы тіл саясатын жүргізуде аймақтық ерекшеліктерді ескеріп, дифференциалды тәсілдермен жүргізу қажеттілігін ғылыми негіздейді.

Әлеуметтік-мәдени, аймақтық, этнодемографиялық үрдістермен қатар, жастардың тілдік ұстанымына экономикалық факторлар ықпал етеді. Экономикалық фактор – қоғамның немесе жеке адамдардың экономикалық жағдайына ықпал ететін айнымалылар мен себептер. Ол адамның өмір сүру деңгейін, жұмыс істеу шартын, тіл таңдауын және әлеуметтік қатынастарды анықтайды. Экономикалық факторға кәсіп, жұмыс-қызметі, білім, табыс, жалақы, мәртебе, тіл саясаты, тілдік ұстаным, тілдік болашағы (перспективасы), ақпараттық кеңістік, ақпаратты тұтыну, құндылықтар жатады. Адамның табыс деңгейі оның өмір сүру сапасына және тіл таңдауына ықпал етеді.

Фокус топта қойылған «Сіз алдағы уақытта немесе болашақта қандай тілдерді меңгеруді жоспарлап отырсыз?» деген сұрақтың жауаптарын талдай отырып, Қазақстан жастарының тілдік ұстанымдары еңбек нарығының талабына тікелей байланысын көрсетті. Бүгінгі жастардың мансап жолы мен прагматикалық ұстанымы басқашет тілдерді меңгеруді ынталандырады. Ағылшын тілін білу бұл бәсекелестіліктің артықшылығы ретінде қабылдайды және жұмысқа тұру кезінде түйіндеменің сапасын арттырады деп есептейді. Ағылшын тілі кәсіби біліктіліктің өсуі мен халықаралық деңгейге шығумен байланыстырылады. Орыс тілі қазақ тілді жастар үшін, әсіресе ауыл-аймақтар үшін қалаға көшу, жұмысқа тұру, кәсіп пен мансап жолындағы маңызды шарттың бірі деп қабылдайды. Мысалы, жоғары табысы бар адамдар көбінесе халықаралық тілдерге (мысалы, ағылшын тілі) көбірек көңіл бөледі, себебі олар шет тілді жұмысқа орналасу және мансаптық өсудің маңызды құралы ретінде қарастырады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес респонденттердің жоғары табыс табуға, қызметке орналасу, басқа да нарықтарға шығу және болашақтағы мүмкіндіктерді қарастырып, тілдік таңдауын ағылшын және орыс тіліне бағыттайды (4-кесте).

4-кесте. Фокус-топ пікірлері

№	Аймақ, қатысушы	Пікірлер
1	Қызылорда қаласы, 19 жас, студент:	Мен қазіргі кезде ағылшын тілін үйреніп жатырмын. Негізінен, қазақ және орыс тілін білемін. Қазіргі кезде үштілділік деген бізде саясат бар. Сол себепті де, ағылшын тілі маңызды болып саналады. Мысалы, белгілі бір мекемеге жұмысқа тұратын кезде немесе резюме берген кезде осы тілді білуім қажет деп ойлаймын. Өйткені, ол кәсіби деңгейдің барлығын анықтайды деп айта аламын. Қазіргі күннің өзінде көптеген жерлерде ағылшын тілді мамандарды жұмысқа жақсы қабылдайды. Тіл білгеннің өзі де жақсы деп санаймын. Мен басқа елге көшіп кетемін деп айта алмаймын. Өйткені шетелге кәсіби деңгейде білімімді толықтыру үшін барамын және Қазақстанға келіп осы жақта жұмыс жасаймын деген жоспар бар.
2	фокус топ Жамбыл обл	Негізі көбіне орысша сөйлеймін. Бірақ отбасымда ата - анам, бауырларыммен қазақша сөйлесемін. Достарыммен тек орысша. Менің мамандығым - ағылшын тілі. Ағылшын тілінің аудармасына орыс тілін пайдаланғандықтан, әрдайым орысша сөйлесемін. Үш тілдің қайсысы болмасын маған қиындық туғызбайды.
3	Шымкент-Астана қаласы, студент:	... Қазіргі таңда ағылшын тілі қазақ қоғамында бірден-бір маңызды фактор ретінде қарастыруға болады. Өйткені, қазіргі таңда ағылшын тілін білген жұмыскерге сұраныс көп, және де ол көп жерлерде жұмыс жасай алады. Тек қана ағылшын тілі мұғалімі ғана емес, сонымен қатар әртүрлі елдермен байланысқа шығады. Ағылшын тілін білу - білімдірек болуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ағылшын тіліне сұраныс көп.
4	фокус-топ БҚО	Басқа қатысушылар ағылшын тілін меңгеру керек деп санайды. Әр қайсысында мақсат әртүрлі. Бірі- шетелде білім алу үшін десе, енді бірі - саяхат үшін ағылшын тілін меңгеру жоспарда дейді. Қатысушылар ағылшын тілін меңгеруді жоспарлайды, бұл болашақта шетелде білім алуға және саяхаттау мақсатында керек деп санайды.
5	Қызылорда, қызметкер	...Болашақта көбінесе ағылшын тілі керек қой. Сол жағынан жастар көбірек үйренуіміз керек. Қазір технологияның бәрі - ағылшынша.
6	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы, 30 жас	Қазіргі уақытта мен орыс тілін үйреніп жатырмын. Себебі, ол менің қазіргі жұмысыма қажет. Көп білімнің, жобаның барлығы орыс тілінде келеді. Осылайша, жұмыс жасау барысында қиындықтар тумайды. Сол үшін үйреніп жатырмын.
		Мен баламның үш тілде де білім алғанын қалаймын. Себебі, қазақ тілі күнделікті өмірде үйде қолданып жүргендіктен біледі. Ал баланың болашағы үшін, ешқандай кедергі болмай, жақсы жұмысқа тұру үшін және айналасындағы адамдармен қарым – қатынасын нығайту үшін ол орыс тілінде де, ағылшын тілінде де жақсы меңгерсе екен деймін.

Бұл пікірлер Қазақстандағы үштілділік саясатының прагматикалық және функционалдық аспектілерін анық көрсетті. Жастар үшін тіл жай ғана құрал емес, ең алдымен экономикалық және кәсіби капитал. Яғни тіл таңдау – нарықтағы бәсекелестікті арттыру стратегиясы. P.Bourdieu-нің «тіл капиталы» теориясы бойынша ағылшын тілін

білу жоғары деңгейлі жұмысқа тұруға мүмкіндік береді және әлеуметтік мобильділік құралы, символдық мәні бар жоғары мәдени капитал және интеллектуалдық мәртебесінің дамуы деп есептеледі.

«Адам капиталы» концепциясына сәйкес жастардың тілдік капиталды қалыптастыру таңдауының түпкі мақсаты шет тілдерді құрал ретінде нарықта пайдалану. Канада елінің мысалымен ескерсек, Қазақстанда нарықта басымдық ететін «лингво франка» әлемдік бәсекелестікке қабілеттілікті арттыратын ағылшын тілі олардың адами капиталын құнсыздандырады (Breton, 1998). Жастардың тілдік дағдыларын дамыту экономикалық заңдылықпен қаржы және ресурстарды тиімді пайдаланумен байланысты (Vitlinskaya, 2025).

Жастардың тілдік ұстанымы мен көптілділікке деген көзқарасы қазақ тілінің мәртебесі төңірегінде прагматикалық патриотизм жағдайында қалыптасады. Яғни, көпшілік үшін қазақ тілі - мәдени ұлттық кодты сақтау тілі болса, орыс және ағылшын тілдері - табыс табу және кәсіп игеру тілі деп бөлінді. Зерттеуші Хилханова Э. В. (2022a) оларды экономикалық «қатаң» және мәдени «жұмсақ» дәйектерге бөліп қарастырады. Көптілділік - білім берудегі үштілділік оқу бағдарламасы ретінде ғана емес, сонымен бірге жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің заманауи нормасы деп қабылданады. Монотілділік жағдай жастар арасында білім мен мүмкіндіктен ажырап қалумен теңестіріледі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бірнеше тілдерді меңгеру, соның ішінде қытай, түрік, кәріс және басқа тілдер болашаққа ең тиімді инвестиция ретінде қарастырылады. Бұл құбылыс «Адам капиталы» концепциясы тұрғысынан түсіндірсек, егер инвестициялар ақталмаса, жастардың тілдік ұстанымы монотілділікке бағытталады.

Еңбек нарығының талабына сәйкес қазіргі кезде көптілді мамандарға сұраныс артып келеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл фактор жастардың тілдік таңдауына әсер етеді, өйткені халықаралық компанияда жұмыс істейтін адам белгілі бір шет тілді меңгеруі керек. Білім беру мүмкіндігі тұрғысынан экономикаға байланысты білім беру саласындағы жағдай да маңызды. Білім беру жүйесі, арнайы тіл курстары мен бағдарламаларға қол жетімділік, шетелде білім алу мүмкіндігі сияқты мәселелер адамның тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдік таңдау білім беру мүмкіндігі білім-оқу миграциясын ынталандырады. Мысалы, жастардың түрік тілін басқа шет тілдермен қатар жиірек меңгеруі Түркияға білім алу мүмкіндігінің ашылуымен байланысты (5-кесте). Яғни көптілділік табыс табуға, білім алуға, маман болып қалыптасу, халықаралық нарыққа шығу, мансап құруға артықшылық береді.

5-кесе. Фокус-топ пікірлері

№	Аймақ, қатысушы	Пікірлер
1	Атырау облысы, Құлсары қаласы	... жақында түрік тілін үйреніп бастадым. Неліктен десеңіз, әлемдік жаңалықтарды оқу үшін немесе шетелде білімімізді ары қарай дамыту үшін оқып жатырмын.
2	Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы, студент	Мен болашақта түрік тілін үйренгім келеді. ...Ең біріншіден түрік тілін үйрену үшін, ағылшын тілі мен орыс тілін еркін білу керек. Сол кезде түрік тілін үйренуге оңай болады. Неліктен үйренгім келеді десеңіз, болашақта Түркия еліңе барғым келеді. Ол кісілердің сөйлеу мәнері, сөйлеген сөздері маған қатты ұнайды.

3	Қызылорда қаласы	Алдағы уақытта түрік, ағылшын, корей тілдерін үйренгім келеді. ... түрік тілін жақсы көремін, бізге шамалы ұқсас келеді.
4	Қызылорда қаласы, студент:	Қазақ-түрік лицейі бар. ... Ол жақта оқыған балаға Түркияға кетуге үлкен мүмкіндік жасалған.
5	Ақтөбе қаласы	Мен түрік, ағылшын және қытай тілін жетік меңгергім келеді.

Бұл пікірлер тілдік кеңістіктің үштілділік шеңберінен шығып, көптілділікке қарай ұмтылысын көрсетеді. Респонденттердің түрік тіліне қызығушылығы – қазіргі әлеуметтік лингвистикадағы жаңа тренд. Зерттеу барысында анықталғандай қазіргі жастар өздерінің тілдік дағдыларын кеңейтуге мүдделі. Бұл үрдістің негізгі себептері технологиялық қажеттілік, академиялық мобильдік және мәдени жақындық. Түрік тіліне жастардың қызығушылығын интеграциялық мотивация, тілдік ұқсастық, түркітілдес халықтардың ынтымағы, Түркияның мәдени өмірі (сериалдар, музыка, білім және ғылым) ықпалы байқалады.

Тілдік ұстанымдар табыс табумен де байланысты, мәселен ағылшын тілі тек білім беру пәні ретінде емес, кәсіби талап ретінде жұмыс берушінің қосымша жалақы табыс мөлшерін өсіру мүмкіндігі деп қабылданады. Өнеркәсіптік және кәсіби салалардың даму деңгейі де тіл таңдауына әсер етеді. Мысалы, аймақтық немесе халықаралық деңгейде жұмыс істейтін кәсіби мамандар өз саласында қолданыстағы тілдерді меңгеруге тырысады (мысалы, ағылшын, түрік немесе басқа тілдер). Экономикалық дамудың жоғары деңгейі мен шетелдік инвестицияның тартылуы тілді меңгеруге сұранысты арттырды. Жаңа жұмыс орындары мен кәсіпкерлік көптілділікті талап етеді. Ал технологиялық жетістік пен инновация тілдің қолданылуына және таралуына ықпал етеді. Мысалы, жаңа технология мен интернеттің кеңінен қолданылуы тілдер арасындағы шекараны жояды, халықаралық қарым-қатынасты күшейтіп, жаңа тілді игеруді ынталандырады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес жастардың үштілділікті қолдауы прагматикалық және жаһандық бәсекеге қабілеттілікке ұмтылысымен, болашақта халықаралық ұйымдарға жұмысқа тұру және жұмыссыздықтан сақтануға кепілдік бере алатынымен түсіндіріледі (*Nurlanova, Oskolkova, Chunkurova, 2022*). Сонымен қатар, жаһандану үдерісі тілдік саясатқа да ықпал етуде. Ағылшын тілі жаһандық тіл ретінде танылып, көптеген елдердің даму векторына ықпал етті. Қазіргі тенденциялар ағылшын тілінің жаһандық рөлі мен қытай тілінің болашақта әлемдік тілге айналу мүмкіндігі тілдік саясат пен жаһандану арасындағы өзара байланыстарды көрсетеді. Қазақстанда да бұл үрдістер байқалады: ағылшын тілін меңгеру білім беру жүйесінде басымдыққа ие болып, ағылшын тілінде оқытатын мектептер мен университеттер саны артты. Жаһандық үрдісте жастардың көптілділік ұстанымдары - тіл саясатының екі жақты парадоксы, бір жағынан ұлттық бірегейлікті дамыту және әлемдік нарыққа бәсекелестікке қабілеттілікті дамыту (*Bayetova & Robertson, 2024*). Соңғы кезде Қытайдың Қазақстан экономикасына инвестицияларының өсуі және Қытайда білім алатын қазақ жастары санының ұлғаюы қытай тіліне деген қызығушылықты арттырды (*Ekstrom, 2021*).

Жаһандану – экономикалық саладағы маңызды фактор. Әлемдік нарыққа шығу үшін халықаралық тілдерді меңгеру қажеттілігі артып, бұл да тілдік таңдау мен ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ халықаралық байланыстарды нығайтады.

Жастар арасында басқа да әлемдік тілдерге қызығушылық жоғары. Жоғарыда айтылған тілдермен қатар, жастар корей, француз, неміс тілдерін меңгеруге ниетін білдіреді. Корей тіліне қызығушылық жастар арасындағы К-рор және корей сериалдары мен киноиндустрия мәдениетіне қызығушылықпен байланысты. Француз және неміс тілдері -Еуропадағы бай-қуатты экономикасы дамыған елдердің тілдері, бұл тілдерді меңгере отырып, жаңа кәсіби-технологиялық салаларды игеру мен Еуропа елдерімен жақындасу мүмкіндігі артады.

Фокус топта айтылған пікірлер: «...корей тілдерін үйренгім келеді. ... корей тілі кино көргеннен, киноны без озвучки көргім келеді. Еркін сөйлеу үшін» (Қызылорда қаласы).

«Мен алдағы уақытта француз тілін үйренгім келеді. Өйткені маған олардың мәдениеті және Париж қаласы өте қатты ұнайды. Менің мақсаттарымның бірі ол Парижде болу және қазір француз тілін үйренуге курстар іздеп жатырмын» (Астана, студент).

«... екі тілді үйренуді қалаймын. Ол тілдер: кәріс тілі және француз тілі. Өйткені, осы екі мемлекетке қатты қызығушылығым бар және де қазір ол екі мемлекеттің тілін ағылшын тілімен қатар алып жүруге тырысып жатырмын» (Алматы қаласы)

Респонденттердің осы пікірлері жаңа тілдік ұстанымдардың тұтынушылық және эстетикалық мотивацияны білдіреді. Жастардың корей, француз тілдеріне қызығушылық еліміздің тілдік кеңістігіндегі мәдени жаһандану процесінің нәтижесі (R. Gardner, 1985). P.Bourdieu-нің «мәдени капитал» теориясының символдық мәнін «сұлулық», «еуропалық өмір салты», «символдық тұтыну» арқылы жастар тілді үйреніп, өздерін әлеуметтік мәртебенің немесе «идеалды бейнелерін» қалыптастыруды көздейді.

Жалпы қазақ тілінің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі, жастардың арасында қазақ тілінің сәнге айналу тренді, бұл әсіресе, өнер, медиа, киноиндустрия саласындағы соңғы қазақтілді өнімдердің артуына байланысты. Қазақ тілі қазіргі заманауи қалалық жастар тіліне айналуға. P. Bourdieu символдық билік концепциясына сәйкес, тіл – әлеуметтік өзін-өзі көрсету тәсілі. Зерттеуге сәйкес жастардың арасында латын қарпімен жазу, ағылшын тілін игеру, батыстық стандарттарға бағыт алу – адамның басқалармен салыстырғанда дәрежесі мен әлеуметтік мәртебесін еселей түседі. Көпшілік жастардың тілдік ұстанымы – прагматикалық, яғни мансап пен сапалы білімге қол жеткізе алатын тілді қолдану. Аймақтық кескінде алсақ, Оңтүстік пен Батыста ол – қазақ тілінің нық позициясы. Ал Солтүстік пен Шығыста, сонымен қатар ірі қалаларда тілдік таңдау негізінен әлеуметтік байланыстарды сақтау үшін - қостілді сипатта.

Фокус-топ нәтижесінде жүргізілген талдауға сәйкес аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жастардың көптілділік деңгейі арасындағы байланыс дәлелденді. Жастардың монотілді (қазақтілді, орыстілді) және көптілді (қостілді) топтардың ерекшелігі аймақтардың дамуына байланысты. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары және тұрақты өңірлерде тиісінше урбанизация қарқынды, экономикасы бір қалыпты, көптілділікке қызығушылық басым. Қазақтілді жастардың тілдік ұстанымдардың көптілділікке бағытталу себебі - қазақ тіліндегі кәсіби, сапалы контент пен ақпараттың толық қамтамасыз етілмеуі, ал әлеуметтік қарым-қатынаста басқа тілдерге күнделікті өмірдегі қажеттіліктің болмауы. Тарихи монотілді орталарда орыстілді ақпаратқа тәуелділік пен қазақ тіліндегі сапалы контенттің дефициті, жаһандық ақпарат пен жаңа білімге қолжетімділікті тежейді, әлеуметтік-экономикалық статусты көтеруге мүмкіндік бермейді, ресурсты шектейді. Нәтижесінде азаматтардың

тілдік статусы тудыратын әлеуметтік теңсіздік радикалды көңіл-күйдің өршуіне әкелуі ықтимал. Өндірістік орталықтар (Қарағанды, Павлодар, Рудный) мен мегаполистерде (Алматы, Астана) көптілділік табысқа қолжеткізу құралы ретінде дамиды. Экономикалық жағдайдың аймақтық деңгейдегі айырмашылығы да тілдік таңдау мен ұстанымға ықпал етуі мүмкін. Мысалы, ірі қалаларда (мысалы, Алматы, Астана) экономикалық белсенділік жоғары болғандықтан, мұнда көптілділік пен шет тілдерге сұраныс артады (Турысбекова, Өмірзақова, 2021).

Соңғы Ranking.kz (2023) мәліметтерге сәйкес еліміздегі табыс пен төменгі күнкөріс деңгейінің көрсеткіші бойынша, кедейлік жағдайында өмір сүріп жатқан аймақтар Түркістан (9,3%), Абай (8,6%), Жетісу (8,1%), Маңғыстау (8,0%), Шымкент қаласы (6,1%) Жамбыл облысы (5,6%). Бұл аймақтар - этнодемографиялық, тілдік тұрғысынан қазақтілді. Тарихи монотілді аймақтардың экономикалық көрсеткіштер төмендігі қазақ тіліндегі кәсіби ақпарат пен контенттің жетіспеушілігімен түсіндіріледі.

Ресми статистика деректеріне сәйкес (2025) халықтың орташа табыс мөлшері бойынша ең жоғары көрсеткіштер Алматыда (375 мың тг.), Астана қаласында (336 мың тг.), Ұлытау (323 мың тг.), Атырау облысы (306 мың тг.) байқалады. Еліміздің ірі қалаларда көптілді аймақтар ретінде сипатталды, бұл жерде экономикалық сұраныс көптілділікке бағытталады. Яғни табыс мөлшері мен көптілділік арасындағы корреляцияны көруге болады. Осыған байланысты жастардың тілдік ұстанымдары экономикалық себептермен сұраныстың артуынан басқа шет тілдерге деген қызығушылық байқалады.

Жастардың тілдік ұстанымдарын экономикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде «тілдік прагматизм» парадигмасының басымдығы анықталды. Жастардың санасында тілдің қызметтік мәні, яғни пайдасы оның символдық, этникалық мәнінен жоғары тұр. Экономикалық иерархия тұрғысынан ағылшын тілі – жоғары табыс пен жаһандық мобилдік капиталы, орыс тілі – ағымдағы еңбек нарығындағы функционалдық қажеттілік, оның ішінде инфрақұрылымдық, цифрлық қажеттілігі де басым. Қазақ тілі – әлеуметтік-мәдени бірегейлік негізі. Бұл қорытынды мемлекеттік тілді дамыту стратегиясында қазақ тілінің тек рухани емес, экономикалық құндылығын (нарықтық тартымдылығын) арттыру қажеттілігін негіздейді.

Қорытынды

Жастардың тілдік ұстанымдарды қалыптастыратын шешуші фактор - еңбек нарығының талаптары. Зерттеу болжамына сәйкес ағылшын тілінің дамуы сапалы мамандардың, тиімді әдістемелік, жалпы материалдардың кең таралуына байланысты, сондай-ақ тікелей қазақ-ағылшын оқу-әдістемесінің сапасы, жаһандық құндылықтар мен контент ықпалы қазіргі жастардың прагматикалық тілдік ұстанымын айқындайды.

Жаһанданудың ұлттық саясат пен ұлттың бірегейлікке де қауіп төндіретінін ескерсек, ол еркін нарықтың барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, елдің әлемдік нарықтық жүйеге ену ықтималдығын арттырады. Кәсіби табысқа жету үшін жастар халықаралық тілдерді меңгеруге ұмтылады, бұл өз кезегінде елдің тілдік саясаты мен мәдени бірегейлігіне ықпалын тигізеді.

Қала мен ауыл арасындағы экономикалық айырмашылықтар да тілдік ұстанымдағы айырмашылықты тудырады. Қала жастары көптілді болуға тырысса, ауыл жастары

көбінесе ана тілін сақтауға ұмтылады. Қазақстан аймақтарында әлеуметтік-тілдік ортаның айырмашылықтары байқалады, мұнда тілдік жағдайлар тек этникалық құрамы ғана емес, сондай-ақ әр аймақтың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері шешуші рөл атқарады.

Экономикалық факторлар, әсіресе табыс деңгейі, білім, жұмыс мүмкіндіктері және тіл саясаты сияқты аспектілер жастардың тіл таңдауына айтарлықтай ықпал етеді. Қазақстанның тілдік жағдайы әлеуметтік-экономикалық факторлармен тығыз байланысты болғанымен, тіл саясатын жан-жақты зерттеп, мемлекеттік тіл мен халықаралық тілдердің өзара байланысын тиімді басқару қажет.

Қорытындылай келе, экономикалық факторлар жастардың тілдік таңдауына терең ықпал етеді және бұл факторлар әртүрлі әлеуметтік топтар мен аймақтар арасындағы айырмашылықты туғызады. Аталмыш тұжырымдар қоғамның тілдік саясаты мен жастарға арналған кәсіби бағдарлау жүйелерін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Akhmet A.N., Akimbekova, G.S., & Aliaskar A.S. (2023). Білім беруде бала тіліндегі қазақ-орыс қостілділігінің көрінісі (социолінгвистикалық сауалнама негізінде). ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 190(2), 4–15. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4200>.
2. Baker, C. (1992) Attitudes and language. Clevedon: Multilingual Matters.
3. Bayetova, N., & Robertson, D.L. (2025). Kazakhstan's nationalistic globalism: Paradox, language, and higher education. *Power and Education*, 17(1), 67-80.
4. Birman, D., & Zabrodskaja, A. (2024). The relationship of the three “As” of adaptation: Acculturation, adjustment, and academic engagement of Ukrainian war refugees in Estonia's schools. *International Journal of Intercultural Relations*, 102, 102034.
5. Bourdieu, P. (1991). *Language and symbolic power*. Harvard university press.
6. Breton, A. (ed.) (1998) *New Canadian Perspectives: Economic Approaches to Language and to Bilingualism*. Ottawa: Canadian Heritage.
7. Dauletkeldyeva, A.A. (2023) Associative field of the concepts of “multilingualism” and “monolingualism”, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, 3(144), 422–432.
8. Ekstrom, M. (2021). The effectiveness of Confucius Institutes in promoting Chinese soft power in Kazakhstan. *Modern Diplomacy*, 15. <https://moderndiplomacy.eu/2021/09/15/the-effectiveness-of-confucius-institutes-in-promoting-chinese-soft-power-in-kazakhstan/> (Accessed: 6 March 2026).
9. Fierman, W. (2009). Language vitality and paths to revival: contrasting cases of Azerbaijani and Kazakh. *International Journal of the Sociology of Language*, 2009(198).
10. Fishman, J.A. (1991) *Reversing language shift: Theoretical and empirical foundations of assistance to threatened languages*. Clevedon: Multilingual Matters.
11. García, O. and Otheguy, R. (2020) Plurilingualism and translanguaging: Commonalities and divergences, *Critical Multilingualism Studies*, 8(1), pp. 17–35. https://www.researchgate.net/publication/332178733_Plurilingualism_and_translanguaging_commonalities_and_divergences (Accessed: 17 March 2026).
12. Gardner, R.C. (1985) *Social Psychology and Second Language Learning: The Role of Attitudes and Motivation*. London: Edward Arnold.
13. Kazinform (2019) Қазақстан Республикасында тілдерді дамытудың бағдарламасы бекітілді. https://kaz.inform.kz/news/kazakhstan-respublikasynda-tilderdi-damytudyn-bagdarlamasy-bekitildi_a3322575/ (Accessed: 6 March 2026).

14. Koptleuova, K. V. (2021). Языковая ситуация и сферы функционирования трехязычия. Вестник КазНУ. Серия филологическая, 182(2), 40-48.
15. Kursiv Media (2024) Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытуға қанша қаржы бөлінеді және қалай жұмсалады? <https://kz.kursiv.media/kk/2024-12-25/rztq-qazaq-tili/> (Accessed: 6 March 2026).
16. Li Wei. (2022). Translanguaging as a political stance: implications for English language education, *ELT Journal*, 76(2), pp. 172–182. doi: 10.1093/elt/ccab083
17. Nurlanova, A.N., Oskolkova, A.A., & Chunkurova, Z.K. (2022). Polylingual Policy In Kazakhstan As Reflection Of Education Globalization. In I. Savchenko (Ed.), *Freedom and Responsibility in Pivotal Times*, vol 125. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (pp. 1164-1169). European Publisher. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2022.03.139>
18. Pavlenko, A. (2008) Multilingualism in Post-Soviet Countries: Language Revival, Language Removal, and Sociolinguistic Theory, *The International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, Vol. 11, Nos. 3&4, pp. 275–314. doi: 10.2167/beb275.0.
19. Pavlenko, A. (2023) Multilingualism and historical amnesia: An introduction https://www.researchgate.net/publication/354795127_Pavlenko_A_2023_Multilingualism_and_historical_amnesia_An_introduction
20. Piyazbaeva, A.B., & Fazylzhanova A.M. (2023). Экономикалық сана трансформациясының тілдері репрезентациясы. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 191(3), 41–55. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4470>
21. Ranking.kz (2023) Ренкинг регионів РК по уровню бедности и нищеты. <https://ranking.kz/digest/socium-digest/renking-regionov-rk-po-urovnyu-bednosti-i-nischety.html> (Accessed: 5 March 2026).
22. Sapir, E. (1961) *Culture, Language and Personality: Selected Essays*. Berkeley: University of California Press.
23. Smagulova, G.N. (2021). Тәуелсіздік тұғыры–мемлекеттік тілдің қолданысы. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 183(3).
24. Smakman, D. and Heinrich, P. (2022) *Globalising Sociolinguistics: Challenging Theoretical Assumptions and Methodological Norms*. London: Routledge.
25. Stat.gov.kz (2021) Мемлекеттік статистикалық ақпараты. 2009-2021 жылғы халық санақтары. <https://stat.gov.kz> (Accessed: 6 March 2026).
26. Suleimenova, E. and Akanova, D. (2023) Русский язык в доминантной коммуникативной сфере образования Казахстана. *Chinese Journal of Slavic Studies*, Vol. 3 (Issue 1), pp. 68-85. <https://doi.org/10.1515/cjss-2023-0002>
27. Weinreich, U. (2010). *Languages in contact: Findings and problems* (No. 1). Walter de Gruyter.
28. Whorf, B.L. (1956) *Language, Thought, and Reality: Selected Writings*. Cambridge, MA: MIT Press.
29. ZAN Adilet (2019) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (Accessed: 6 March 2026).
30. Баймырза, А., Белецкий, С.Б., Дүйсен, Қ., Пиязбаева, А., & Фазылжанова, А. (2023). Лингвоэкономика и репрезентация трансформации экономического сознания. *Tiltanym*, (2), 82-89. <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/892> (Accessed: 6 March 2026).
31. Бурдые, П. (2007). Социальное пространство и генезис "классов". In *Социология социального пространства* (pp. 14-48).
32. Витлинская, Т.Д. (2025). Особенности использования экономического подхода к исследованиям языка. Вестник Самарского университета. История, педагогика, филология, 31(4), 225-233.

33. Жалмагамбетова, С. (2022) Қазақстан Республикасындағы үштілділік – мемлекеттік тіл саясатының бірегей формуласы. Қоғам және дәуір, 76(4).
34. Италмасова, Р.Б., & Сагидолда, Н. (2025). Реализация государственной языковой политики РК: экспертная оценка. Gumilyov Journal of Sociology, 151(2), 70-89.
35. Кадочников, Д.В. (2016). Теоретико-экономический взгляд на языковую политику. Вопросы экономики, (2), 128-140.
36. Магзумбекова, А.К. (2018). Формирование полилингвальной личности в Казахстане. Вестник Московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки, (1 (789)), 82-87.
37. Маилян, Ф.Н. (2012). Роль социального капитала в процессе формирования и реализации человеческого капитала. Вестник Томского государственного университета. Экономика, (1 (17)), 51-62.
38. Симтиков, Ж. (2023). Көші-қон процестерінің тіл жағдайының өзгеруіне әсері. Қоғам және дәуір, 77(1).
39. Серикбаева, А. Д., & Душаева, К. М. (2024). Қазақстанды цифрландыру жағдайында ағылшын тілінің қазіргі қазақ тіліне әсері. Eurasian Journal of Philology: Science & Education, 196(4).
40. Суюнбаева, А. Ж. (2024). Процесс применения системы «Казтест» в условиях трехязычия и результаты определения уровня знания государственного языка. Вестник Челябинского государственного университета, (8 (490)), 248-254.
41. Тукебаева, Ж.А. (2023). Юридическая лингвистика государственного языка Республики Казахстан. Научный диалог в языковом пространстве (pp. 231-235).
42. Турысбекова, А.Б., & Өмірзақова, Ә.Қ. (2021). Выявление тенденций социально-экономического развития регионов Казахстана. Economy: strategy and practice, 16(2), 98-106.
43. Хасанұлы, Б. (1992). Ана тілі–ата мұра. Алматы: Жазушы, 272.
44. Хилханова, Э. В. (2022a). Языковая установка и языковая идеология в западной и российской науке: о разграничении понятий. Вестник Московского университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация, (3), 148-162.
45. Хилханова, Э. В. (2022b). Экономика языка и многоязычие: опыт исследования в Татарстане. Научный результат. Вопросы теоретической и прикладной лингвистики, 8(2), 52-65.
46. Цыганков, Д. Б. (1998). Введение в социологию Пьера Бурдьё. Журнал социологии и социальной антропологии, 1(3), 148-155.

А.Д. Хамит

Международный университет Астана, Астана, Казахстан

ВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ФАКТОРА НА ПОЛИЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ УСТАНОВКИ МОЛОДЕЖИ

Аннотация. В статье анализируется влияние экономических факторов на языковые установки молодежи. Согласно теории П. Бурдьё, доминирование языковых норм и форм рассматривается как фактор, усугубляющий социальное неравенство. Владение разными языками увеличивает социальный капитал человека и расширяет его экономические возможности, в то время как языковые барьеры ограничивают доступ к этим возможностям.

Выбор языка молодыми людьми во многом связан с их экономическим положением. Считается, что уровень дохода способствует изучению иностранного языка, а в условиях социального неравенства учитывается способность молодежи сохранять свой родной язык. В исследовании анализируется влияние экономических факторов, таких как требования рынка

труда, возможности получения образования и уровень доходов, на многоязычие и выбор языка среди молодежи. Исследование дает представление о том, как экономические факторы влияют на выбор языка и языковую политику, а также на принятие многоязычия в обществе.

В статье представлены результаты прикладного исследования, основанного на проведенном им методе фокус-групп. Фокус-группы были проведены в 12 регионах. (N=167) Согласно результатам исследования, выбор языка среди молодежи зависит от региональных и этнодемографических характеристик. Кроме того, мировая экономика и тенденции глобализации подталкивают молодых людей к изучению нескольких языков, а различия между городскими и сельскими районами также влияют на отношение к языку. В то время как молодежь с высоким уровнем дохода стремится к многоязычию, группы с низким уровнем дохода отдают приоритет родному языку.

Результаты исследования играют важную роль в формировании эффективной языковой политики государства и образовательных организаций, которая может способствовать успешности молодых людей в общественной и профессиональной жизни.

Ключевые слова: язык, экономика, социолингвистика, полилингвистика, языковая политика, языковая ситуация, социолингвистическая позиция, молодежь, языковое пространство.

A.D. Khamit

Astana International University, Astana, Kazakhstan

INFLUENCE OF THE ECONOMIC FACTOR ON POLYLINGUISTIC ATTITUDES OF YOUTH

Abstract. The article analyzes the influence of economic factors on the language attitudes of youth. According to the theory of P. Bourdieu, the dominance of linguistic norms and forms is viewed as a factor that exacerbates social inequality. Proficiency in different languages increases an individual's social capital and expands their economic opportunities, while language barriers restrict access to these resources.

The language choice among young people is largely determined by their economic status. It is posited that income levels facilitate the learning of foreign languages, whereas, in conditions of social inequality, the ability of youth to maintain their native language is taken into account. The study examines the impact of economic factors—such as labor market requirements, educational opportunities, and income levels—on multilingualism and language choice among the younger generation. The research provides insight into how economic drivers influence language choice, language policy, and the acceptance of multilingualism in society.

The author presents the results of applied research based on the focus group method. Focus groups were conducted across 12 regions (N=167). According to the results, language choice among youth depends on regional and ethno-demographic characteristics. Furthermore, the global economy and globalization trends push young people toward learning multiple languages, while disparities between urban and rural areas also affect language attitudes. While youth with high-income levels strive for multilingualism, low-income groups prioritize their native language.

The findings of this study play a crucial role in forming effective state and educational language policies that can enhance the success of young people in social and professional life.

Keywords: language, economics, sociolinguistics, polylinguistics, language policy, language situation, sociolinguistic position, youth, language space.

References

1. Akhmet A.N., Akimbekova, G.S., & Aliaskar A.S. (2023). Bilim berude bala tilindegi qazaq-orys qostildiliginiń kórinisi (sociolingvistikalық saualnama negizinde). QazYU Habarshysy. Filologija serijasy, 190(2), 4–15. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4200>.

2. Baker, C. (1992) *Attitudes and language*. Clevedon: Multilingual Matters.
3. Bayetova, N., & Robertson, D.L. (2025). Kazakhstan's nationalistic globalism: Paradox, language, and higher education. *Power and Education*, 17(1), 67-80.
4. Birman, D., & Zabrodskaia, A. (2024). The relationship of the three "As" of adaptation: Acculturation, adjustment, and academic engagement of Ukrainian war refugees in Estonia's schools. *International Journal of Intercultural Relations*, 102, 102034.
5. Bourdieu, P. (1991). *Language and symbolic power*. Harvard university press.
6. Breton, A. (ed.) (1998) *New Canadian Perspectives: Economic Approaches to Language and to Bilingualism*. Ottawa: Canadian Heritage.
7. Dauletgeldyeva, A.A. (2023) Associative field of the concepts of "multilingualism" and "monolingualism", L.N. Gumilev atyndary Eurazija Ұлттық университетінің habarshysy *Pedagogika. Psihologija. Әлеуметтану серијасы*, 3(144), 422–432.
8. Ekstrom, M. (2021). The effectiveness of Confucius Institutes in promoting Chinese soft power in Kazakhstan. *Modern Diplomacy*, 15. <https://moderndiplomacy.eu/2021/09/15/the-effectiveness-of-confucius-institutes-in-promoting-chinese-soft-power-in-kazakhstan/> (Accessed: 6 March 2026).
9. Fierman, W. (2009). Language vitality and paths to revival: contrasting cases of Azerbaijani and Kazakh. *International Journal of the Sociology of Language*, 2009(198).
10. Fishman, J.A. (1991) *Reversing language shift: Theoretical and empirical foundations of assistance to threatened languages*. Clevedon: Multilingual Matters.
11. García, O. and Otheguy, R. (2020) Plurilingualism and translanguaging: Commonalities and divergences, *Critical Multilingualism Studies*, 8(1), pp. 17–35. https://www.researchgate.net/publication/332178733_Plurilingualism_and_translanguaging_commonalities_and_divergences (Accessed: 17 March 2026).
12. Gardner, R.C. (1985) *Social Psychology and Second Language Learning: The Role of Attitudes and Motivation*. London: Edward Arnold.
13. Kazinform (2019) Қазақстан Республикасында тилдерді дамытудың бағдарламасы бекитildi. https://kaz.inform.kz/news/kazakstan-respublikasynda-tilderdi-damytudyn-bagdarlamasy-bekitildi_a3322575/ (Accessed: 6 March 2026).
14. Koptleuova, K. B. (2021). Jazykovaja situacija i sfery funkcionirovanija treh#jazychija. *Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja*, 182(2), 40-48.
15. Kursiv Media (2024) Қазақстанда мемлекеттік тилді дамытуға қанша қарзшы бөлінеді және қалай зһымсалды? <https://kz.kursiv.media/kk/2024-12-25/rztq-qazaq-tili/> (Accessed: 6 March 2026).
16. Li Wei. (2022). Translanguaging as a political stance: implications for English language education, *ELT Journal*, 76(2), pp. 172–182. doi: 10.1093/elt/ccab083
17. Nurlanova, A.N., Oskolkova, A.A., & Chunkurova, Z.K. (2022). Polylingual Policy In Kazakhstan As Reflection Of Education Globalization. In I. Savchenko (Ed.), *Freedom and Responsibility in Pivotal Times*, vol 125. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences* (pp. 1164-1169). European Publisher. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2022.03.139>
18. Pavlenko, A. (2008) Multilingualism in Post-Soviet Countries: Language Revival, Language Removal, and Sociolinguistic Theory, *The International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, Vol. 11, Nos. 3&4, pp. 275–314. doi: 10.2167/beb275.0.
19. Pavlenko, A. (2023) Multilingualism and historical amnesia: An introduction https://www.researchgate.net/publication/354795127_Pavlenko_A_2023_Multilingualism_and_historical_amnesia_An_introduction
20. Piyazbaeva, A.B., & Fazylzhanova A.M. (2023). Jekonomikalyқ sana transformacijasynуң tildegi reprezentacijasы. *ҚазҰУ Habarshysy. Filologija serijasy*, 191(3), 41–55. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4470>

21. Ranking.kz (2023) Renking regionov RK po urovnju bednosti i nishhety. <https://ranking.kz/digest/socium-digest/renking-regionov-rk-po-urovnyu-bednosti-i-nischety.html> (Accessed: 5 March 2026).
22. Sapir, E. (1961) *Culture, Language and Personality: Selected Essays*. Berkeley: University of California Press.
23. Smagulova, G.N. (2021). Тәуелсіздік тығыры–мемлекеттік тилдің қолданьсы. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 183(3).
24. Smakman, D. and Heinrich, P. (2022) *Globalising Sociolinguistics: Challenging Theoretical Assumptions and Methodological Norms*. London: Routledge.
25. Stat.gov.kz (2021) *Memlekettik statistikalyқ ақпараты. 2009-2021 жылғы халық санақтары*. <https://stat.gov.kz> (Accessed: 6 March 2026).
26. Suleimenova, E. and Akanova, D. (2023) *Russkij jazyk v dominantnoj kommunikativnoj sfere obrazovaniya Kazahstana*. *Chinese Journal of Slavic Studies*, Vol. 3 (Issue 1), pp. 68-85. <https://doi.org/10.1515/cjss-2023-0002>
27. Weinreich, U. (2010). *Languages in contact: Findings and problems* (No. 1). Walter de Gruyter.
28. Whorf, B.L. (1956) *Language, Thought, and Reality: Selected Writings*. Cambridge, MA: MIT Press.
29. ZAN Adilet (2019) *Қазақстан Республикасындағы тил саясатын иске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (Accessed: 6 March 2026).
30. Bajmyrza, A., Beleckij, S.B., Dыjsen, Қ., Pijazbaeva, A., & Fazylzhanova, A. (2023). *Lingvoekonomika i reprezentacija transformacii jekonomicheskogo soznaniya*. *Tiltanym*, (2), 82-89. <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/892> (Accessed: 6 March 2026).
31. Burd'e, P. (2007). *Social'noe prostranstvo i genezis "klassov"*. In *Sociologiya social'nogo prostranstva* (pp. 14-48).
32. Vitlinskaja, T.D. (2025). *Osobennosti ispol'zovaniya jekonomicheskogo podhoda k issledovanijam jazyka*. *Vestnik Samarskogo universiteta. Istorija, pedagogika, filologiya*, 31(4), 225-233.
33. Zhalmagambetova, S. (2022) *Қазақстан Республикасындағы ыштildilik – мемлекеттік тил саясатының бiрегей формуласы*. *Қоғам және дәуiр*, 76(4).
34. Italmasova, R.B., & Sagidolda, N. (2025). *Realizacija gosudarstvennoj jazykovoj politiki RK: jekspertnaja ocenka*. *Gumilyov Journal of Sociology*, 151(2), 70-89.
35. Kadochnikov, D.V. (2016). *Teoretiko-jekonomicheskij vzgljad na jazykovuju politiku*. *Voprosy jekonomiki*, (2), 128-140.
36. Magzumbekova, A.K. (2018). *Formirovanie polilingval'noj lichnosti v Kazahstane*. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki*, (1 (789)), 82-87.
37. Mailjan, F.N. (2012). *Rol' social'nogo kapitala v processe formirovaniya i realizacii chelovecheskogo kapitala*. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Jekonomika*, (1 (17)), 51-62.
38. Simtikov, Zh. (2023). *Keshi-qon procesteriniң тил zhaғdayның өзgeruine әseri*. *Қоғам және дәуiр*, 77(1).
39. Serikbaeva, A.D., & Dushaeva, K.M. (2024). *Қазақстанды cifrlandyru zhaғdayнда ағылшын тилинің қазirgi қазақ тiline әseri*. *Eurasian Journal of Philology: Science & Education*, 196(4).
40. Sujunbaeva, A. Zh. (2024). *Process primeneniya sistemy «Kaztest» v uslovijah treh#jazychija i rezul'taty opredeleniya urovnja znaniya gosudarstvennogo jazyka*. *Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta*, (8 (490)), 248-254.
41. Tukebaeva, Zh.A. (2023). *Juridicheskaja lingvistika gosudarstvennogo jazyka Respubliki Kazahstan. Nauchnyj dialog v jazykovom prostranstve* (pp. 231-235).
42. Turysbekova, A.B., & Әmirзақova, Ә.Қ. (2021). *Vyjavlenie tendencij social'no-jekonomicheskogo razvitija regionov Kazahstana*. *Economy: strategy and practice*, 16(2), 98-106.

43. Hasanyly, B. (1992). Ana tili-ata myra. Almaty: Zhazushy, 272.
44. Hilhanova, Je.V. (2022a). Jazykovaja ustanovka i jazykovaja ideologija v zapadnoj i rossijskoj nauke: o razgranichenii ponjatij. Vestnik Moskovskogo universiteta. Serija 19. Lingvistika i mezhkul'turnaja kommunikacija, (3), 148-162.
45. Hilhanova, Je.V. (2022b). Jekonomika jazyka i mnogojazychie: opyt issledovanija v Tatarstane. Nauchnyj rezul'tat. Voprosy teoreticheskoy i prikladnoj lingvistiki, 8(2), 52-65.
46. Cygankov, D. B. (1998). Vvedenie v sociologiju P'era Burd'e. Zhurnal sociologii i social'noj antropologii, 1(3), 148-155.

Автор туралы мәлімет

Хамит А.Д. – хат-хабар авторы, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Әуезов көшесі, 46/1, Астана, Қазақстан

Сведения об авторе

Хамит А.Д. – автор для корреспонденции, старший преподаватель Высшей школы искусств и гуманитарных наук, Международный университет Астана, ул. Ауэзова, 46/1, Астана, Казахстан.

Information about the author

Khamit A.D. – corresponding author, Senior Lecturer, Higher School of Arts and Humanities, Astana International University, 46/1 Auezov St., Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).